

Д.А. Кадирбаева<sup>1\*</sup>, Е.Д. Исаков<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
(\*Хат-хабарларға арналған. E-mail: didar\_art@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID 0000-0001-7258-1017

<sup>2</sup>ORCID 0000-0002-6483-9003

## Географиялық білім беруде өскелең ұрпақты ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу ерекшеліктері

Мақалада географиялық білім беруде халықтың төл белгісі саналатын құндылықтарды ескере отырып, тәрбие мен білім беруді тәжірибеге енгізудің қажеттілігі, халық педагогикасының тәрбиеде алатын орны мен маңыздылығын болашақ мұғалімдерге үйрету, мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдалануына, болашақ мұғалімдерге география пәні арқылы этнопедагогикалық білім бере отырып, келешек ұрпақтың бойына ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезім қалыптастырып, ұлтжанды азамат тәрбиелеп шығаруға даярлаудың қажеттілігі туып отырғанын қарастыру. Халық тәрбиесінің ең негізгі мақсаты мен міндеті, жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарымыз арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Географиялық білім — адамның қоршаған ортаны танып, үйренумен негізделеді. Осы орайда адамзат тіршілігі үшін ең маңызды табиғат құбылысы — ауа райын болжау. Ауа райын болжау барлық халықта өз дәстүріне негізделген. Бірақ, ғылыми астары бір-біріне ұқсас келеді. Қазақ халқының ауа райын болжауы атадан балаға мұра ретінде қазіргі уақытқа дейін бағаланып келе жатқан дәстүрдің бірі. Бұл, өзіндік ерекшелігі мен тәрбиелік мәні зор дәстүрдің бірі және тәрбие құралы деп санауға болады. Жастардың әлемдік мәдениетті танып-білуі және халықтың ұлттық дәстүрлеріне, мәдениетіне, ұлттық-этникалық ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге сүйене отырып тәрбиелеу педагогикалық процесі жобалауға және ұйымдастыруға этнопедагогикалық тұрғыдан келуді жүзеге асырудың шарты болып табылатындығы қарастырылған. Ұлттық педагогика — бір ұлттың тілі, дәстүрі, салт-санасы мен тарихы, мәдениеті арқылы ұлттық бірегейлікті қалаптыстырушы. Осы құндылықтарды сақтап қалу, оны дамыту қоғамның тұрақтылығы мен келешегі үшін маңыздылығын мақалада қарастырамыз.

*Кілт сөздер:* этнопедагогика, ұлтжандылық, дәстүр, ауа-райы, метеорология, атмосфера, ландшафт, топонимика, детерминизм, ғарыш.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті ретінде: Отанына шын берілген, адал, ұлтжанды азамат даярлау қажеттілігі аталып өтілген. Білім алушылар ұлттық құндылықтардың қажеттілігі мен маңызын терең түсінген, халықтық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды құрметтейтін, ұлтаралық қатынасты сақтауға тәрбиеленген, халқының алдында, Отан алдында, отбасы алдындағы өз міндеттері мен құқықтарын білетін..., Қазақстанда тұратын қазақ халқы мен басқа да ұлт өкілдерінің тілін, ділін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» делінген.

Көп ғасырлық халық ағарту дәстүрі — ұлттың рухани қазынасы, тәрбиелік мұрасы болып саналады. Бұл асыл мұра адам тәрбиесіне бағытталған озық педагогикалық идеялардың қалыптасуына негіз болып, ұлы педагогтар мен көрнекті ағартушылардың тағылымды еңбектерінде өз жалғасын тапты [1]. Отандық педагогика ғылымын кеңейту жолында Қазақстан ғалымдары да қомақты үлес қосты. Олар ұрпақ тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен тәрбие ісінің мазмұнын тереңдете түсті. Бұл ізденістер бүгінгі заман талабына сай тұлға қалыптастыруда маңызды орын алуа.

Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы нормативтік құжаттарда, білім беру жүйесінің негізгі міндеті ретінде, білім алу жеке тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптасуы — ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен техника жетістіктері негізінде қажетті жағдай жасау қажеттілігі жазылған, осы негізде жоғары оқу орынында кәсіби дайындығы жоғары мамандарды дайындау, олардың кәсіби күзіреттілігін жоғарлату, функционалдық сауаттылықтарын дамыту мәселесін қарастырып, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсынып, болашақ мұғалімдердің ұлттық болмысын

калыптастыруда жоғары оқу орны оқытушыларының атқарып жатқан жұмыстары аз емес. Көптеген зерттеулерде ұлттық педагогика мәселесінің қажеттілігі мен өзектілігін, білім беруде ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері мен бүгінгі тәрбие жағдайында озық педагогикалық дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығы жазылып жүр.

**Мақаланың мақсаты:**

Қоғамдық өмір, әлеуметтік-саяси даму құбылыстарын табиғат жағдайының ерекшеліктері мен елдің орналасуы арқылы түсіндіретін концепция — географиялық детерминизм деп аталады. Географиялық детерминизм ілімі бойынша адамның өмір тіршілігі, шаруашылығы, адамның психикалық жәй-күйінің қалыптасуы, бет-әлпетіндегі ерекшеліктері, мінез-құлқы сол жердің географиялық ландшафтысына байланысты болады. Кез келген ұлттың негізгі құндылықтарының бірі — өмір сүру мекені, тіршілік ету ортасы, сол жердің географиялық ортасы мен ландшафтысы. Олай болса, өскелең ұрпаққа туған өлкенің ұлттық құндылықтарын үйрете отырып тәрбие беру өзекті мәселенің бірі екені айқын. Ұлттық тәрбие туған жері мен елін, елінің тарихын, төл мәдениетін, туған жерін, ана тілін, халқының ертедегі тұрмыс-тіршілігін оқып, үйренуден басталады [2]. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық педагогиканың тәрбиеде алатын орны мен маңыздылығын білім алушыларға үйретіп, география пәнін оқытуда болашақ мұғалімдерге ұлттық педагогика негізінде білім беріп, ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, ұлтжанды азамат тәрбиелеп шығаруға даярлаудың қажеттілігі туып отыр. Бұл мақсатты іске асыруда болашақ ұстаздардың жер, су және табиғи орта мен табиғи құбылыстар туралы білім мен тәрбие беруде ұлттық педагогика материалдарын ғылыми теориялық-әдістемелік қағидалармен байланыстыру өзекті мәселе. Қоршаған орта, табиғаттағы метеорологиялық жағдай, ғарыш әлемі, топонимикалық атаулар туралы географиялық білім беру арқылы болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығын қалыптастыру — тұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі [3].

**Мақаланың пәні, нысаны:** пәні — этнопедагогика, зерттеу нысаны — болашақ география пәні мұғалімдерінің этнопедагогикалық даярлығын жетілдіру.

*Зерттеу әдістері мен материалдар*

Қазіргі қоғам ақпараттық технологияның дамыған уақыты, кез келген ұстаз сабағының қызықты өтуін қамтамасыз ету үшін және үлкен нәтижені көру үшін заманауи технологияларды қолданатыны сөзсіз. Дегенмен, қазіргі заман талабы деп цифрлық сауаттылық, ақпараттық технологияны мықты қолданып жүргенмен, білім алушыларға ұлттық құндылықты дарыту назардан тыс қалып қойып жатыр. Қазіргі күнделікті сабақ жоспарында құндылыққа негізделген пән деген бөлімі бар. Осы бөлімді құндылықтарға негізделген білім және тәрбие негіздерін айтып, көрсетіп, білім алушылардың ұлттық тәрбие мен білім алуына басшылық жасауды көбірек қолға алғанымыз дұрыс. Себебі, білім алушылардың бойына ұлттық сана-сезім мен тәрбиені, қасиеттерді дарыта білуіміз қажет. Қазіргі қоғамның талабы осы болғандықтан, ұстаздардың да басты мақсаты болу керек.

Қазіргі білім беру бағдарламаларында білім алушылардың өмір сүруінде адамгершілік, психологиялық, физикалық, әлеуметтік факторлар төмендігі байқалып отыр. Жас өспірімдер арасындағы қылмыстың көбеюі, зиянды, денсаулыққа кері әсері бар әдеттерге әуес болуы, түрлі бағыттағы діни көзқарастарға еріп кету, бір-біріне, үлкен мен кішіге деген құрмет пен сыйластықтың жоғалуы сияқты факторлар жылдан жылға саны артып келеді. Бұл болашақта ұлттың, халқымыздың денсаулығына, әлеуетіне, білім мен білік деңгейіне, бәсекеге қабілеттілігіне және елдің ұлттық қауіпсіздігіне өз әсерін тигізеді.

Ұлттық құндылықтарды білім алушыларға үйретудің міндеттерін атап өтсек:

— Ұлттық болмыстың негізін жоғалтпай, баланы ұлтжандылыққа, елі мен жеріне қызмет етуге және халқының мүддесін қорғауға тәрбиелеу;

— Тұлғалық мінезді дамыту, оқу мен жазуда сыни тұрғыдан ойлауды, функционалдық күзіреттілікті, мәселелерді өздігінен шешу қабілетін қалыптастыруға, сауатты өмір салтын ұстауға тиімді жағдайлар жасау;

— Білім алушыларды еңбек етуге тәрбиелей отырып, өз-өзін тануға, өзіне сыни көзқараспен карауға, өзін тәрбиелеуге, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру;

— Тұлғаның жақсы білім мен тәрбие алуының жетістігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін, мектептердің психологиялық-педагогикалық жағдайын жақсарту, білім беру ортасын дамыту;

— Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналарды қатыстыру.

Бұл міндеттерді қазақстандық ұлтжандылықпен байланыстырудың мақсаты: еліне, туған жеріне, негізгі мәдени ортасына сүйіспеншілігін қалыптастыру. Білім алушылардың бойында күш-қуатын, білімін Отан мүддесі үшін күш жұмсауға, жерін, тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу. Ал ұлттық сана-сезімінің көкжиегін кеңейту мақсатында атқарылатын жұмыстар: тұлғаға ұлттық болмыстың негізін сақтайтын сана мен көзқарас қалыптастыра отырып, тұлғаның заманауи әлемдік дамумен келетін өзгерістердің бәріне ашық болуына дайындау. Білім мен тәрбие беру ортасының негізгі жұмыстары — көзі ашық, жаңашылдыққа жақын, үздіксіз білім алуға дайын, саналы және білімді де тәрбиелі тұлға қалыптастыру. Білім алушылардың қоғам талабына сай жоғары қабілетке, сандық сауаттылыққа, тіл үйренуге, жоғары мәдени көзқараста болуы басты рөл атқарады. Сондықтан білім алушылар бойында күш-жігері, еңбек етуге қабілеттілік, мақсат қоя білу, салауатты өмір салтын ұстану, кәсіби дамуға қабілеттілік дағдылары болу керек. Алған білімдерін тәжірибе жағдайында, әлеуметтік бейімделу үрдісінде сәтті және тиімді пайдалануға, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға бейімделеді.

Қазақтан шыққан ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымын терең зерттеген ағартушы М. Жұмабаевтың «Географияны оқытуды туған ауылыңнан баста» деген ұлағатты сөзі бар. Ғалым педагогика ғылымын ұлттық педагогикамен ұштастыра отырып, ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін атап: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі», әрбір ұлттың педагогикасында бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан өзіндік тұжырымдамалары бар. Ертеден бері сынға ұшырап келе жатқан ұлт тәрбиесі — ертеден қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұстаз, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті», – дейді. Адам қажетінің барлығын табиғаттан алатын болғандықтан, барлық адамзаттың тіршілігі табиғатпен тығыз байланысты, оны қадірлеп, қастерлеп ұстай білу керек. Бұл — табиғи ортаны дұрыс танып білуден басталады [4].

Табиғат адамның қажеттілігін қанағаттандырып отырған, адам тіршілігі үшін аса маңызды рөл атқаратын орта. Адамзат табиғи ортаны ерте кезден танып, білуге құштар болды. Тіршілік үшін қолайлы ортаны игеру адамзаттың басты мақсаты болды. Географиялық қабықтың бір бөлігі ретінде табиғи орта — адамды қоршаған табиғат, қоғамдық өмірдің қажетті әрі тұрақты ортасы. Табиғи ортаның өзгеріске ұшырауы, оны танып-білу үрдісін де қиындата түседі. Бұл үрдіс географиялық ортаның үш құрамдас бөлігі (өлі табиғат, тірі табиғат және адамзат қоғамы) арасындағы аса маңызды сапалық айырмашылықтар мен ортақ заңдылықтарды және олардың жеке ерекшеліктерін ескергенде ғана мүмкін болады [5].

Кең байтақ қазақ жерінің табиғаты мен халқының арасындағы гармониялық байланыстылықтың күштілігін суреттеген көптеген ғалымдар бар, сол еңбектерден үзінділер келтірсек, неміс географиялық мектебінің түлегі, швед ғалымы, әйгілі саяхатшы Свен Гединнің зерттеулерінде қазақ даласы туралы өз ойын былай жеткізген: «Жайық өзені мен Каспий, Арал теңіздерінің және Сырдария мен Ертіс өзендерінің аралығында жатқан ұланғайыр дала — қазақтардың мекені, – деп жазды ол, қазақтар өте пысық, әрі кеңпейіл халық. Олар өздерін қайсақ деп атайды, бұл олардың ұғымында қайсар, ержүрек мағынасын береді. Қазақтар өздерінің ата бабалары көшіп-қонып жүрген даласын құрметтейді, қадірлейді, қастерлейді. Олар ұшы-қиырсыз даласын ешнәрсеге теңемейді. Қазақ даласы шынымен де керемет, ғажап! Оның көктемгі жұпар ауасын айтсаңшы!» деп қазақ жерін, оның табиғатын, халқын керемет суреттеп жазған [6].

Жердің жағдайын жаңылыспай танып, білетін қазақ халқы бір көрген мекенін ешқашан ұмытпаған. Жұлдыздарға қарап бағдар жасау ертеден келе жатқан ұстаным болғанымен, қазақтарға бұл өлкенің әрбір бұтасы, әрбір тасы таныс. Қазақтың арғы, бергі тарихында елге жайлы қоныс, жақсы мекен іздеген адамдар туралы аңыз әңгімелерде аз емес, Асан қайғы жерұйықты іздеп, ұзақ сапар шегіп, Жетісуды көргенде: «Ағашы тұнған жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», «Биылғы шаншыған таяғыңнан келесі жылы арба шығады екен» деген екен. Осының барлығы жердің құнарлығын, суының молдығын, жерді тани білгеннен шыққан [7].

Қазақ халқы қоршаған табиғи ортаны жақсы танып білген, табиғаттан тағылым алған халық емшілері жануарлардың емдік қасиеттерін де байқап тәжірибеде қолданған. Мысалы, күйкентайдың ұясын, борсықтың терісі мен майын — өкпе ауруларына, иттің жүнін — құлғана ауруына, құрбаканы «ақауыз» деп аталатын жараға ем ретінде пайдаланған. Жануарлар мен жәндіктердің кейбір түрлеріне байланысты ырымдар да қалыптасқан, қарлығаштың ұясын бұзсаң міндетті апат болып, өрт шығады десе, бозторғай, аққу, тырнаны өлтіруге, оларға қиянат жасауға болмайды, құмырсқаның илеуін басуға болмайды, құмырсқа орман өсуіне септігін тигізетін жәндік деп ырымдаған [8].

Тобылғының майын теміреткі мен сүйелге, алаботаның сабынын қотырға қарсы қолданса, қынаны бояу ретінде пайдаланған. Өсіп келе жатқан балаларын жауқазынға, аққуға, құралайға, елікке, шынарға, ақ қайыңға теңесе, егде тартқан кісілерді мәуелі бәйтерек, тамырын тереңге жайған, бұтағын таратқан орманға теңеген. Адалдық, сұлулық пен нәзіктікті — аққуға, мөлдір бұлаққа, батылдық пен батырлық, ержүректілікті — сұңқарға, қыранға балаған. Ардақты азаматын — асқар тауым, шалқар көлім, қара орманым деп қастерлеген. «Жақсы жігіт — аспандағы жұлдыз, жақсы қыз жағадағы құндыз» деп, ең ардақтысын жұлдыз бен құндызға теңеген. Қазақ жеріндегі Құндызды, Құланды, Арқарлы, Аюлы жер аттарының қойылуы да осы аңдарды қасиет тұтудың белгісі. Халықта «Құлдан — қырда, құндыз — суда», «Ай жанында туады жарық жұлдыз, айдын көлде жүзеді кәмшат құндыз», «Ақылың ағаңда болсын, құндызың жағаңда болсын» деген даналық сөздері де бар [9].

Қазақтар баласына шөпті жұлуға болмайды, көкті басуға болмайды деп өсиет айтқан, «Өрісіне қарап мал өссе, өзеніне қарап тал өсер», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Су анасы — бұлақ» деген мақал-мәтелдерде философиялық терең ой, тәлім мен тәрбиенің бастауы жатыр. Шаруашылықты табиғатқа зиян келтірмейтіндей етіп, жүргізіп отырған. Киіз үйдің өзін кез-келген жерге тікпей, өткен жылғы жұртқа тігіп, ескі жерошақты пайдаланып, ағын суға кір шайқамауын қадағалаудың өзі, шөп пен суды қастерлеуден туған ырымдар. Қазақтарда қарғысының үлкені «көктей солғыр», «көктемегір», «ұяң бұзылғыр» болуы тегін емес. Адамның тіршілігі табиғи ортадағы құбылыстарға, ондағы тіршілік иелері жан-жануарлар, құстар, жәндіктер мен өсімдік әлеміне тығыз байланысты. Ғылым мен техника дамымаған уақытта, адамдар тек тәңірге сеніп, күн көріс қамымен тіршілікке қолайлы аймақтарды тауып, игерген. Топырағы құнарлы аймақтарға егін ексе, малға лайықты аймақтарды жайылым ретінде қолдана бастады. Егін шаруашылығынан жақсы өнім алу үшін, тіршілікке қолайлы аймақтарды игеру үшін ауа-райы құбылыстарын бақылап, білу қажет болды. Ауа-райының жай күйіне қарап егін егетін, оны жинайтын уақытты және мал шаруашылығын қалыпқа келтіретін жыл мезгілін анықтап отырған. Жылдар бойы жүргізілген ауа райын болжау тәжірибесі негізінде ауа райы құбылыстарын болжаудың халықтық жүйесін жасауға мүмкіндік берді.

#### *Нәтижелері мен оларды талқылау*

Бізді қоршаған ортаны және қоғамды дұрыс танып білу үшін географиялық сауаттылық қажет, географиялық сауаттылық барлық уақытта адамзат үшін қажет болды. Географиялық сауаттылық тек күнделікті өмірден ғана алынбайды, ол адамзатқа географиялық білім берумен байланысты. Ал географиялық білім арнайы дайындалған кәсіби мамандарға байланысты болды. Себебі кәсіби дайындығы жоғары маман ғана географиялық орта туралы сауатты білім бере алады. Сондықтан географ мамандарды кәсіби дайындау процесіне көп көңіл бөліне бастады.

Жоғары оқу орнының болашақ география пәні мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлаудың ерекшелігі де сонда — болашақ ұстаз ретінде білім алушыларға қазақ халқының ғасырдан келе жатқан ұлттық құндылықтарын сабақ барысында білім мен тәрбие беруде тиімді қолдана білуінде. География мамандығын игеруде үрдісі кезінде оқылатын пәндерді ұлттық педагогикамен байланыстырудың жолдары өте көп. Атап өтсек, Қазақстанның физикалық географиясын ұлттық педагогика материалдарымен сабақтастырудың төмендегідей ерекшелігі бар: қазақтың ұлттық педагогика материалдарының мазмұны географиялық қабықтағы табиғат, қоғам және адам арасындағы өзара қарым-қатынастағы қоршаған табиғи орта туралы ұлттық ой-таным, әдет-ғұрыптар туралы білімдер жиынтығы. Білім алушыларға халқымыздың табиғи орта және адамгершілік-имандылық жолындағы тәрбиесінен бастау — адамның табиғаттағы алатын орны, табиғатта болып жатқан географиялық құбылыстар туралы түсініктері негізінде қарастырылады. Қазақ этнопедагогикасының біртұтастығы материалдарының мазмұны әрбір ұлт өкілі жас кезінен географиялық табиғат компоненттеріндегі өзара қабықтың байланысы және алып жатқан орны, табиғатымен топонимикалық атауларының ерекшелігін оқып білуі және туған өлке тарихы және табиғатын, халқының наным мен ұлттық жер-су атауларының шежіресін біліп өсуі керек.

Білім алушылардың географиялық сауаттылығын, мәдениетін, танымдық белсенділігін арттыру үшін оқытушының білімі мен педагогикалық шеберлігі үлкен ықпал жасайды. Географиялық білім берудің негізгі мақсаты, болашақ мұғалімдердің экологиялық санасын көтеру, интеллектуалдық қабілетін дамыту, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйрету.

Географиялық білім мен тәрбие беруде ұлттық педагогика элементтерін пайдаланудың маңызы зор. Халқымыздың табиғатқа деген қайырымдылық, қамқорлық сезімі, аялы алақаны, көздің

қарашығындай қорғай білу қасиеттерін жас ұрпаққа жеткізу болашақ мұғалімдердің міндеті. Сол арқылы тұлға бойына отансүйгіштік, адамгершілік, ұлтжандылық және мәдени тәрбие беріледі.

Географиялық тәрбиеге назар аударуда ең алдымен қазақ халқының, кеменгер педагогтардың ғылыми болжамдары мен экологиялық тәлім-тәрбие тағылымдарының орны ерекше. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы білім беру — жергілікті халықтардың дәстүрлі білімі мен дүниетанымын енгізудің маңызды бағыттарының бірі [10]. Табиғатты қорғау ең алдымен халықтың тіршілік ортасы болып саналатын ортаның жағдайын көтеру, табиғатты көріктендіру, болашақ ұрпаққа табиғаттағы бай мұраны қалдыру деген сөз. Ертеде ата-бабаларымыз арнайы білімі болмаса да, туған жердің табиғатын танып-біліп, өздігінен көп білім алған. Тұрғылықты мекенін, ауыл аймағын таза ұстаған, күл қоқысты сайға төгіп, көміп отырған. Көнеден келе жатқан ұғым бойынша, табиғатты қорғау — ұрпақты қорғаумен бірдей саналған. Сонда даланың ұрпағы табиғатпен өзінің біртұтас екенін сезіне білген. Егер табиғатта тепе-теңдік бұзылса, су сарқылып, шөп шықпайды, жазиралы дала шөлге айналады, барлық тіршілік өзеріп кетеді деген түсінік болған. Ұлы далада экологиялық кеселдер пайда болса, адам мен табиғат арасында гармониялық байланыс та бұзылады [11].

Қазақтың ұлттық педагогикасының мазмұны — географиялық қабықтағы табиғат, адам және қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасындағы қоршаған орта туралы ұлттық ой таным, әдет-ғұрып туралы білімдер жиынтығы. Білім алушылар халқымыздың адамгершілік — имандылық мұраттарынан бастау алатын қоршаған орта, ондағы адамзаттың орны, табиғат құбылыстары туралы түсініктері мен көзқарастары жайлы көп мәлімет алады.

Мұхтар Әуезов: «Адамзатқа қорек беретін табиғат, адамның тұрмыс-тіршілігі, кәсібін жан сипаттарын һәм түрлі түрге салатын табиғаттың шарттары: һәм халықтың мінезі, қылығы, салты, пейілі, талабы, жігері өз маңайындағы табиғат әсерінен пайда болады», — деп тамаша суреттеме берген [12].

Ұлттық педагогиканы инновациялық технологиямен байланыстыра отырып өткізілген сабақтар білім алушылардың тақырыпты толық және жан-жақты меңгеруіне көмек береді. Қазіргі білім беру үрдісінде көптеген инновациялық технологиялар бар. Олардың әрқайсысын пән мен өтілетін тақырыпқа сәйкестендіру тәжірибелі ұстаз үшін қиындық тудырмайды. Осындай технологияның бірі геймификация. Геймификация — бұл ойын элементтерін оқу немесе басқа да ойын емес үдерістерге енгізу арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың назарын жоғалту мәселесін шешуге бағытталған тәсіл [13]. Геймификация алғаш рет 2008 жылы қолданысқа енгізілгенмен, 2010 жылға дейін қарқынды танымалдылығымен ерекшеленген жоқ. Геймификация көбінесе бизнес саласында кең тараған. Дегенмен, білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында және ойлауда жан-жақтылықты қалыптастыруда, бірізділік принципін сақтауда кеңінен танымал. Геймификация термині компьютерлік ойындарға қатысы жоқ үдерістерге ойын дизайнының элементтерін енгізу деген ұғымды білдіреді [14]. Геймификация мақсаты — бизнесте клиентті тарту болса, білім беруде пәнге қызығушылықты арттыру [15]. Себебі ақпараттың дамыған заманында білім алушыларды пәнге қызықтыру, зейінін ояту күрделі үрдістердің бірі болғаны рас. Геймификация (ағыл. gamification) — қолданушылар мен тұтынушыларды тарту, олардың бизнес мәселелерін шешуге қатысуын арттыру, өнімдер мен қызметтерді пайдалану мақсатында қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен веб-сайттарда компьютерлік ойындарға тән әдістер мен тәсілдерді қолдану деп анықталады. Геймификацияның тағы бір ерекшелігі — оқыту процесінің қызықты және тартымды болуы, бұл білім алушылардың белсенділігін арттырып, сабақты жеңіл әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Географиялық білім бергенде білім алушыларды пәнге қызықтыру мақсатында геймификацияны қолданудың ерекшелігін байқадық. Геймификация ойынының ерекшелігі: оқу процесінде ойын элементтерін пайдалану, білім алушылардың сабаққа қатысуы мен ынтасын арттыру, материалды тиімді меңгеруге мүмкіндік беру. Білім алушылар жоғары балл алу үшін деңгейлік тапсырмаларды орындай отырып, жетістікке жете алады. Осы бағытта «Тарихи география» пәні бойынша «Қазақстан жерінің зерттелу тарихы» тақырыбында геймификация ойыны арқылы ұлттық негізде білім беруді жоспарладық. Бұл сабақ өз нәтижесін берді. Мысалы, геймификацияны «Жерұйық» деп аталатын ойын арқылы өткіздік (1-сурет). Ойынның шартын әр топқа жеке параққа жазып таратудан бастадық. Әр топ өз тапсырмасын орындап, нәтижелерін бір-бірімен салыстыру арқылы білімі мен дағдыларын тексеріп, әрі қарай дамытуға мүмкіндік алды. Бұл тәсіл білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін арттыруға әсер етті.

Геймификация тәсілі арқылы сабаққа қатысушылардың барлығы дерлік белсенділік танытып, әр тапсырма бойынша өз білімдерін жақсартуға және тереңдетуге мүмкіндік алды. Білім алушылар

ойынның шарттары мен тапсырмаларын орындау барысында өздеріне жаңа дағдыларды меңгеріп, зерттеу жүргізу арқылы тақырыпты тереңірек түсінуге қол жеткізді. Ойын барысында қолданылған деңгейлік тапсырмалар білім алушылардың дара қабілеттерін ескере отырып, олардың әрқайсысына өз мүмкіндіктеріне сәйкес нәтижеге жетуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл оқытудың тиімділігін арттырып, білім алушылардың өз күшіне деген сенімділігін жоғарылатты.

Ойын барысында топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы коммуникация дағдыларын дамытуға да ерекше көңіл бөлінді. Білім алушылардың бір-бірімен пікір алмасып, өз ойларын ашық және еркін жеткізуі сабақтың тартымдылығын арттырып, олардың ынтасын оятты. Мұндай оқыту әдісі, бір жағынан, ұлттық педагогиканың негіздерін сақтай отырып, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, білім алушыларға ақпаратты тек қана тыңдай отырып емес, оны белсенді түрде өздеріне қажетті формада қолдануға, тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік туды. Осының бәрі оқыту үрдісін қызықты әрі шығармашылыққа толы етті.



1-сурет. Геймификациялық ойын шарты (Жерұйық)

Білім алушыларға балл жазылған карточкалар (ақша бірліктері) таратылып, олардың әрқайсысы жауап берген сұрағының деңгейіне қарай тиісті балмен бағаланады. Осылайша, олар жауаптарын беріп болған соң, келесі сұраққа көшу мүмкіндігіне ие болады. Бұл әдіс топтық жұмысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, себебі білім алушылар тек өздерінің жеке жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар командалық жұмысқа қосқан үлестерін де бағалауға мүмкіндік алады. Осы арқылы ынтымақтастық, өзара жауапкершілік және білімді бағалау қабілеті дамиды.

Ойынның әрбір кезеңінде әр топқа суреттеме-карта таратылып отырады, бұл карталар білім алушылардың деңгейлерін біртіндеп өзгертіп, олардың ойлау қабілетін әрі қарай дамытуға бағытталған. Әр деңгейден екінші деңгейге өту үшін білім алушыларға суреттеме-карталар негізінде түрлі тапсырмалар беріледі. Бұл әдіс ойын процесін қызықты әрі тиімді етуге септігін тигізеді, өйткені білім алушыларға өз білімдерін жан-жақты көрсету және топпен бірге жұмыс істей отырып, өздерінің оқу жолындағы жетістіктерін бағалау мүмкіндігі беріледі (2-сурет).



2-сурет. Геймификациялық жерұйық ойынының картасы

Білім алушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың жеке дамуында маңызды рөл атқарады, өйткені әрбір дұрыс жауап немесе ұтылған балл келесі тапсырмаға дайындық пен мотивацияны арттырады. Мысалы: Бірінші деңгейден өтуге берілген тапсырма. Ш. Уәлихановтың қазақ жерін зерттеген аймағының карта-схемасын табыңыз. Екінші деңгейден өту тапсырма: карта-схемада көрсетілген нысан атауының ұлттық құндылығы көрсетілген картаны анықтаңыз. Үшінші деңгейден өту тапсырмасы: аталған нысандарды картадан табыңыздар.


Ш. Уәлихановтың қазақ жерін зерттеген аймақтарын табу бойынша бірінші деңгейлік тапсырмада аймақтардың жер-су атауларының қойылу тарихына шолу жасау міндеттеледі, бұл білім алушылардың жер-су атауларындағы ұлттық ерекшеліктерді анықтайды. Екінші деңгейлік тапсырмада нысан атауының ұлттық құндылығы көрсетілген карта тапсырмасының мақсаты — картада жергілікті жердің ұлттық негізде қойылған топонимикалық атауының ерекшелігін және сол өлкенің көрікті табиғи орындарын қорғауға бағытталған мақал-мәтел мен нақыл сөздерден мысал келтіреді. Үшінші деңгейлік тапсырмада берілген нысандарды картадан тауып көрсетіп, білім алушылардың картографиялық білімі бағаланады. Білім алушылардың тапсырманы орындау негізінде пайыздық үлес кестесі жасалынды (1-кесте).

1 - кесте

Білім алушылардың тапсырманы орындауының пайыздық үлес кестесі

Деңгей	Орындаған оқушылар саны	Пайыз (%)
I деңгей	15	$(15 / 17) \times 100 \approx 88.2 \%$
II деңгей	12	$(12 / 17) \times 100 \approx 70.6 \%$
III деңгей	16	$(16 / 17) \times 100 \approx 94.1 \%$

Білім алушылардың өткен тақырып бойынша ұлттық педагогика негіздерін қаншалықты білетіндерін бақылау мақсатында тәжірибелік жұмыс география мұғалімдерін даярлау тобының 2-курс студенттерімен жүргізілді. Тәжірибеге барлығы 17 білім алушы қатысты, оның 15 бірінші деңгейлік карта-схеманы табу тапсырмасын дұрыс орындап шықса, екінші деңгейлік нысандардың ұлттық құндылығы көрсетілген картаны дұрыс тапқан 12 студент болса, 16 білім алушы нысандарды картадан көрсете алуымен ерекшеленді. Берілген кесте негізінде пайыздық үлес диаграммасы жасалынды (3-сурет).



3-сурет. Білім алушылардың деңгейлік тапсырмаларды орындау нәтижелерінің пайыздық үлесі

Жүргізілген тәжірибе негізінде, географияны оқытуда пәнді ұлттық құндылықтармен байланыстырудың қызықты екені және білім алушылардың этнопедагогикалық білім алуға деген сұранысының бар екендігі анықталды. Бұл географиялық білім беруде этномәдени құзыреттіліктерінің қалыптасуына әсер ететін үрдіс. Білім алушылардың берілген тапсырманы орындау барысында этномәдени құзіреттіліктерін қалыптастыру негізгі міндет болып саналды (2-кесте).

2 – кесте

**Географиялық білім беруде этномәдени құзіреттілікті қалыптастыру**

№	Тұжырымдама	Негізгі идея	Географиямен байланыс
1	Ұлттық педагогика	Халық мәдениеті арқылы тәрбиелеу	Өлкетану, география тарихы, бейнелі география
2	Мәдени түсінік	Тәрбие — мәдениетке кіріспе ретінде	Табиғат — мәдени код ретінде
3	Экологиялық педагогика	Дәстүр арқылы адам мен табиғаттың үндесуі	Табиғатты танудағы ұлттық дәстүр арқылы өлке экологиясы
4	Этноэкологиялық тәрбие	Экологиялық және этникалық компоненттердің синтезі	Этномәдени білім арқылы табиғат бейнесі
5	Әрекетке негізделген тәсіл	Белсенді еңбек арқылы тәрбиелеу	Геожобалар, этнографиялық экспедициялар

Жоғары оқу орнының ұстазы — білім алушының ішкі жан дүниесіне әсер ететін негізгі тәрбиелеуші, бағыт-бағдар беруші күш. Бүгінгі студент — ертеңгі білім мен тәрбие беруші мектеп мұғалімі, оның кәсіби шеберлігі, білім мен тәрбиені үйретуді ұштастыру іскерлігі дамып отыру керек. Білім мен тәрбие беруде ұлттық педагогика элементтерін пайдаланудың маңызы зор. Олай болса, ата-бабаларының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыпын, әдеби, мәдени бай қазынасын білім алушылардың санасына сіңіріп, тәрбиелеу ұстаздың міндеті. Ұлы ойшылдардың бірі әл-Фарабидің сөзі бар: «Тәрбиелеу дегеніміз — халықтың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту», тәрбиенің тамыры тереңнен алынатын болғандықтан, болашақ кәсіби мамандарға этикалық, эстетикалық ізгіліктерді орнықтыру әр сабақтың негізгі міндеті болу керек. Болашақ географ мамандарға географиялық білім беруде пәннің тәрбиелік маңызы зор. «Оқу мен тәрбие егіз» деп бекер айтылмаған, жастардың қабілеті мен іскерлігін дамытуда эстетикалық тәрбиенің, яғни әсемдікті сезіну мен сүюге баулудың өзіндік мәні жоғары. Әдемілікке, өнерге тәрбиелеу жастардың ой өрісін дамытып, қабілетін арттырып, білімін байытады. Әсемдік, әдемілік, дарындылық табиғаттан берілетінін ескерсек, география пәнінің эстетикалық тәрбиеде алатын орыны ерекше екені түсінікті. Эстетикалық тәрбие беруде халықтық тәрбие тәрбиеленушінің жан дүниесіне ықпалының нәтижелігімен құнды болады. Білім алушы жастардың бойына ұлттық қасиеттерді сіңіру, оқытушылар тарапынан кемшіліктер болдырмауға бағытталған іс-әрекеттерінің әрдайым қолдау табуы — тәрбиенің жемісі. Эстетикалық тәрбие — қоршаған табиғи ортаның байлығын бағалау,

«қоғам-табиғат-адам» арасындағы байланыстың дұрыс жолға қойылып, табиғи ортаға зиян келмеуін, тіршілік етіп отырған ортаны құрметтеуден басталады [16].

Табиғи ортаны әсем, таза қалпында ұстау келешек ұрпақ алдындағы міндетіміз. «Табиғатты ата-бабамыздан мұраға алған жоқпыз, келешек ұрпақтан қарызға алғанбыз» деген дана сөздің тәрбиелік мәні жоғары.

### Қорытынды

Қазіргі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыда кемелденуі, тұлғаны өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруда, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуға байланысты білім мен тәрбие беруде мұғалімнің кәсіптік даярлығын қамтамасыз етуді міндеттейді. Ұстаз — келешек ұрпақты тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиенің озық үлгілерімен сусындандырып, тәрбиелейді. Ұрпағын ойламайтын халық, ұлт болмайды. Халықтың оқу — тәрбиесінің негізгі мақсаты — жалпы адамды, ең алдымен баланы сұлулық дүниесімен хабардар ете отырып тәрбиелеу.

Қоғамның ақпараттануы, жас жеткіншектердің ұлттық құндылықтарды ұмытуына себеп болып отыр. Ертедегі жақсы менен қазіргі жаңаны ұштастырып, ұлттық болмысты, қазақи тәлім-тәрбиені беру пән оқытушының міндеті. Қандай ұлтты алсақ та, сол ұлттың болмасын тілі, діні, ата дәстүрі, салт-санасы туып-өскен жерімен тығыз байланысты. Туып-өскен жері — географиялық орта. Географиялық білім беруде ұлттың төл белгісі саналатын құндылықтарды ескере отырып тәрбие мен білім беруді педагогикалық тәжірибеге енгізуіміз қажет. Қазақ халқының шаруашылықты дамытуда қойған және басты назарға алған ырымдары, ауа-райын болжаудың халықтық тәжірибесі, жер-су атауларының пайда болу ерекшелігі сияқты қалыптасқан ұлттық, тарихи білімдерін географиялық тәрбие мен білім беруде қолданудың қажеттілігі жоғары.

Ұлт өзінің әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрін ғасырлар бойы қалыптастырып, оларды өмір сүру заңдарына, тіршілік ету тәртібіне айналдырды. Салтын сақтап, дәстүрін дәріптеу арқылы әр халық өзіндік бет-бейнесі мен өмірлік ұстанымдарын да өміршең етті.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Zhuzeyev S. Use of Ethnopsychological Features and Ethnopedagogical Traditions of Kazakhs in the Professional Training of Future Primary Class Teachers / S. Zhuzeyev, M. Zhailauova // Bulletin of the Kazakh National University. The series "Pedagogical sciences". — 2024. — Vol. 78. — No 1. — P. 17–26.
- 2 Жарықбаев Қ. Аталар сөзі — ақылдың көзі [Электрондық ресурс] / Қ. Жарықбаев. — Алматы: Қазақстан, 1980. — 117 б. — Кіру режимі: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1523570&simple=true>
- 3 Дюсембинова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектеп практикасына ендіру / Р.Қ. Дюсембинова, С.К. Абильдина, Н.Б. Сафарова // Абылай хан атындағы ҚазХКЖӘТУ хабаршысы. "Педагогика ғылымдары" сериясы. — 2021. — Т. 62. — № 3. — Б. 100–112. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.62.3.010>
- 4 Жұмабаев М. Педагогика (1922 жылы Орынборда жарық көрген 1-басылымы) / М. Жұмабаев. — Алматы: «Marfu Press» баспасы, 2024. — 208 б.
- 5 Есмағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде / К. Есмағанбетов. — Алматы: Атамұра, 1994. — 145 б.
- 6 Сапаров Қ. Асан кайғы еңбектеріндегі топонимикалық деректер / Қ. Сапаров // География және табиғат. — 2006. — № 2. — Б. 13–15.
- 7 Асыллов Ұ. Әдеп: инбаттылық дәрістері: оқу құралы / Ұ. Асыллов, Ж. Нұсқабайұлы. — Алматы: Рауан, 1998. — 272 б.
- 8 Қани М. Қазақтың көне тарихы / М. Қани. — Алматы: Жалын, 1993. — 400 б.
- 9 Қожахметова К.Ж. Қазақ этнопедагогикасы: методика, теория, практика / К.Ж. Қожахметова. — Алматы: Ғылым. — 1998. — 317 б.
- 10 Nesterova Y. Rethinking environmental education with the help of Indigenous ways of knowing and traditional ecological knowledge / Y. Nesterova // Journal of Philosophy of Education. — 2020. — Vol. 54. — No. 4. — P. 1047–1052. <https://doi.org/10.1111/1467-9752.12471>
- 11 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау / Қ. Бөлеев. — Алматы: Нұрлы әлем, 1998. — 200 б.
- 12 Кучер Т.В. Экологическое воспитание учащихся / Т.В. Кучер. — М.: Просвещение, 1990. — 121 с.
- 13 Khaldi A. Gamification of e-learning in higher education: A systematic literature review / A. Khaldi, R. Bouzidi, F. Nader // Smart Learning Environments. — 2023. — Vol. 10. — Article 10. — <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00227-z>

14 Deterding S. Gamification: Toward a definition / S. Deterding, D. Dixon, R. Khaled, L. Nacke // CHI 2011 Gamification Workshop Proceedings. — 2011. <https://doi.org/10.1145/1979742.1979575>

15 Antonaci A. Gamified learning in higher education: A systematic review of the literature / A. Antonaci, et al. // Computers in Human Behavior. — 2018. — Vol. 88. — P. 89–103. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2018.06.001>

16 Лыкова И.А. Программа художественного воспитания, обучения и развития детей 2–7 лет / И.А. Лыкова. — М.: Цветной мир, 2021. — 144 с.

Д.А. Кадирбаева, Е.Д. Исаков

## **Особенности воспитания подрастающего поколения на основе национальной педагогики в географическом образовании**

В статье рассматривается необходимость внедрения воспитания и образования в практику с учетом ценностей, являющихся самобытным признаком народа в географическом образовании. Подчеркивается важность народной педагогики в воспитательном процессе, необходимость обучения будущих учителей использованию этих подходов в учебно-воспитательной деятельности школы. Через преподавание географии будущим педагогам предлагается передавать этнопедагогические знания, формируя у подрастающего поколения национальное воспитание, национальное самосознание и готовя патриотичных граждан. Основная цель и задача народного воспитания — всестороннее развитие личности, воспитание ребенка через национальные ценности, формирование у него умственного, нравственного, эстетического, физического и трудового воспитания, а также навыков поведения. Географические знания основываются на изучении окружающей среды. В этом контексте важнейшим природным явлением для жизни человека является прогноз погоды. Прогнозирование погоды у всех народов основано на традициях, однако научная основа этих знаний во многом схожа. У казахского народа прогноз погоды — это одна из традиций, передающаяся из поколения в поколение, сохраняющаяся и ценящаяся до настоящего времени. Это традиция с уникальными особенностями и высоким воспитательным значением, которую можно рассматривать как средство воспитания. Знакомство молодежи с мировой культурой и воспитание на основе национальных традиций, культуры, этнических обычаев и обрядов народа является условием реализации этнопедагогического подхода к проектированию и организации педагогического процесса. Национальная педагогика — это формирование национальной идентичности через язык, традиции, обычаи, историю и культуру народа. Сохранение и развитие этих ценностей имеет важное значение для устойчивости и будущего общества, что подробно рассматривается в статье.

*Ключевые слова:* этнопедагогика, национальность, традиция, погода, метеорология, атмосфера, ландшафт, топонимика, детерминизм, космос.

D.A. Kadirbaeva, Ye.D. Issakov

## **Features of upbringing of the younger generation on the basis of national pedagogy in geographical education**

The article discusses the necessity of integrating education and upbringing into practice by taking into account values that are considered inherent to the national identity within geographical education. It emphasizes the importance of folk pedagogy in the educational process and the need to teach future teachers how to apply these approaches in the school's learning and upbringing activities. Through the teaching of geography, it is proposed to impart ethnopedagogical knowledge to future educators, fostering national upbringing and national consciousness in the younger generation, and preparing them to become patriotic citizens. The primary goal and task of folk education is the comprehensive development of the individual—educating children through national values and instilling intellectual, moral, aesthetic, physical, and labor-related upbringing, as well as behavioral skills. Geographical knowledge is based on studying the surrounding environment. In this context, one of the most vital natural phenomena for human life is weather forecasting. Weather prediction among all peoples is rooted in tradition, although the scientific basis tends to be similar. Among the Kazakh people, weather forecasting is a tradition passed down from generation to generation and remains valued to this day. It is a tradition with unique features and significant educational value, and can be considered a tool of upbringing. Introducing youth to global culture and educating them based on national traditions, culture, ethnic customs, and rituals is a prerequisite for implementing an ethnopedagogical approach to designing and organizing the educational process. National pedagogy is the formation of national identity through a people's language, traditions, customs, history, and culture. Preserving and developing these values is of great importance for the stability and future of society, which is thoroughly examined in the article.

*Keywords:* ethnopedagogy, nationalism, tradition, weather, meteorology, atmosphere, landscape, toponymy, determinism, space.

## References

- 1 Zhuzeyev, S., & Zhailauova, M. (2024). Use of Ethnopsychological Features and Ethnopedagogical Traditions of Kazakhs in the Professional Training of Future Primary Class Teachers. *Bulletin of the Kazakh National University. The series "Pedagogical sciences"*, 78, 1, 17–26. <https://doi.org/10.26577/JES2024780102>
- 2 Zharykbayev, K. (1980). *Atalar sozi — aqyldyn kozi* [The word grandfather is the source of reason]. Almaty: Qazaqstan. *kazneb.kz*. Retrieved from <https://kazneb.kz/ru/bookView/view? brId=1523570&simple=true> [in Kazakh].
- 3 Dyusembinova, R.K., Abildina, S.K., & Safarova, N.B. (2021). Qazaq etnopedagogikasy materialdaryn mektep praktikasyna endiru [Introduction of Materials of Kazakh Ethnopedagogy into School Practice]. *Abylai khan atyndagy Qazaq Khalyqaralyq qatynastar zhane Alem tilderi Universitetinin khabarsy. "Pedagogika gylymdary" seriiasy — Bulletin of the Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan, Series "Pedagogical Sciences"*, 62(3), 100–112. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.62.3.010>
- 4 Zhumabayev, M. (2024). *Pedagogika (1922 zhyly Orynboroda zharyq korgen 1-basylymy)* [Pedagogy (1st edition, published in Orenburg in 1922)]. Almaty: «Marfu Press» baspasy [in Kazakh].
- 5 Esmaganbetov, K. (1994). *Qazaqtar shetel adebietinde* [Kazakhs in foreign literature]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 6 Saparov, K. (2006). Asan qaigy engbekterindegi toponimikalyq derekter [Toponymic information in the works of Asan kaiga]. *Geografiia zhane tabygat — Geography and Nature*, 2, 13–15 [in Kazakh].
- 7 Asylov, U., & Nuskabaiuly, Zh. (1998). *Adep: inaabattylyq daristeri: oqu quraly* [Ethics: academic lectures: textbook]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 8 Kani, M. (1993). *Qazaqtyn kone tarikhy* [Ancient history of the Kazakhs]. Almaty: Zalyn [in Kazakh].
- 9 Kozakhmetova, K.Zh. (1998). *Qazaq etnopedagogikasy: metodika, teoriia, praktika* [Kazakh ethnopedagogy: methodology, theory, practice]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 10 Nesterova, Y. (2020). Rethinking environmental education with the help of Indigenous ways of knowing and traditional ecological knowledge. *Journal of Philosophy of Education*, 54(4), 1047–1052. <https://doi.org/10.1111/1467-9752.12471>
- 11 Buleev, K. (1998). *Bolashaq mugalimderdi ul'tyq tarbiege daiyndau* [Preparing future teachers for national education]. Almaty: Nurly alem [in Kazakh].
- 12 Kucher, T.V. (1990). *Ekologicheskoe vospitanie uchashchikhsia* [Environmental education of students]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 13 Khaldi, A., Bouzidi, R., & Nader, F. (2023). *Gamification of e-learning in higher education: A systematic literature review*. *Smart Learning Environments*, 10, Article 10. <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00227-z>
- 14 Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R., & Nacke, L. (2011). Gamification: Toward a definition. *CHI 2011 Gamification Workshop Proceedings*. <https://doi.org/10.1145/1979742.1979575>
- 15 Antonaci, A., et al. (2018). Gamified learning in higher education: A systematic review of the literature. *Computers in Human Behavior*, 88, 89–103. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2018.06.001>
- 16 Lykova, I. A. (2021). *Programma khudozhestvennogo vospitaniia, obucheniia i razvitiia detey 2-7 let* [The program of artistic education, education and development of children aged 2–7 years]. Moscow: Tsvetnoi mir [in Russian].

## Information about the authors

**Kadirbayeva D.A.** — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda Buketov University, 100028, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: [didar\\_art@mail.ru](mailto:didar_art@mail.ru)

**Issakov Ye.D.** — PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; email: [erlan.issakov@gmail.com](mailto:erlan.issakov@gmail.com)